**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

«КЕЛІСІЛГЕН»
КММ «№2 арнайы мектеп-интернат» директоры
__________ Амандыкова Э.Ж.
«_12_» _05_ ______2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің Басқарма
төрағасы - Ректоры
__________ Дулатбеков Н.О.
«_30_» _05_ ______2023 ж.

«КЕЛІСІЛГЕН»
ҚММ «№27 жалпы білім беретін орта мектеп»
директоры
__________ Касымканова С.Е.
«_11_» _04_ ______2023 ж.

**6В01902-Арнайы педагогика**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды - 2023

**«6В01902-Арнайы педагогика» білім беру бағдарламасы келесі құжаттар негізінде даярланды:**

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 ж. 27 шілдедегі № 319-III бұйрық);

– Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрық);

– Білім беру мекемелерінің тиісті түрлерінің қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережелері (2018 ж. 30 қазанындағы №595 бұйрық);

– Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (2018 ж. 20 сәуіріндегі № 152 бұйрық);

– Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші (2018 ж. 13 қазанындағы № 569 бұйрық);

– «Педагог» кәсіби стандарты (2022 ж. 15 желтоқсандағы №500 бұйрық).

**Мазмұны**


| № | **Бөлім атаулары** | **Беттер** |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру бағдарламасының төлқұжаты | 4 |
| 2 | Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау | 7 |
| 3 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 8 |
| 4 | Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 10 |
| 5 | Сертификаттау бағдарламасы (minor) «Логопедті даярлау» | 22 |
| 6 | Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келістіру | 23 |
| 7 | Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 24 |
| 8 | Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі | 25 |

**Білім беру бағдарламасының төлқұжаты**

| № | Параметр атаулары | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | **Білім беру бағдарламасының коды және атауы** | «6В01902-Арнайы педагогика» «Арнайы және инклюзивті білім беру», «Логопедия» траекториялары бойынша |
| 2 | **Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары** | 6В01- Педагогика ғылымдары, 6В019 - Арнайы педагогика |
| 3 | **Білім беру бағдарламаларының тобы** | В020-Арнайы педагогика |
| 4 | **Кредиттер көлемі** | 240 |
| 5 | **Оқу түрі** | күндізгі |
| 6 | **Оқу тілі** | қазақ, орыс |
| 7 | **Берілетін академиялық дәреже** | білім бакалавры |
| 8 | **Білім беру бағдарламасының түрі** | жаңа |
| 9 | **Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі (ББХСЖ) деңгейі** | 6-деңгей |
| 10 | **ҰБШ бойынша деңгей** | 6-деңгей |
| 11 | **СБШ бойынша деңгей** | 6-деңгей |
| 12 | **ББ-ның ерекше белгілері:** | - |
| 13 | **Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі** | 28.07.2020 ж. қосымша 016 № KZ832AA00018495 |
| 14 | **Аккредиттеу ұйымының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі** | |
| 15 | **Білім беру бағдарламасының мақсаты** | Арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінде түзету педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін іргелі білімі және зерттеу дағдысы бар арнайы педагогтар мен логопедтерді кәсіби даярлау. |
| 16 | **Бітіруші-түлектің біліктілігінің сипаттамасы** | |
| а) | **Бітіруші-түлек лауазымдарының тізбесі** | - арнайы педагог (мұғалім-дефектолог, дефектолог, мұғалім-логопед, логопед);<br>- педагог-ассистент. |
| б) | **Бітіруші-түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері** | «6В01902 – Арнайы педагогика» бакалаврының кәсіби қызмет саласы білім беру ұйымдары болып табылады. Бітірушілердің кәсіби қызметінің объектілері:<br>- арнайы және инклюзивті сыныптары бар жалпы білім беретін |

| | | |
|---|---|---|
| | | мектептер;<br>- арнайы және инклюзивті топтары бар балабақшалар;<br>- арнайы (түзету) мектептер;<br>- оңалту орталықтары;<br>- түзету кабинеттері;<br>- инклюзивті білім беруді қолдау кабинетері;<br>- мектепке дейінгі және мектеп мекемелері жанындағы логопедиялық пункттер;<br>- психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиялар;<br>- педагогикалық колледждер;<br>- педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары;<br>- білім департаменттері. |
| **в)** | **Бітіруші-түлектің кәсіби қызметінің түрлері** | - ұйымдастыру-технологиялық;<br>- өндірістік-басқарушылық;<br>-жобалық;<br>- ғылыми-зерттеу;<br>- педагогикалық;<br>- кеңес беру-диагностикалық. |
| **г)** | **Бітіруші-түлектің кәсіби қызметінің функциялары** | Арнайы педагогика саласындағы мамандар зият дамуында, эмоционалды-ерік саласында, сенсорлық дамуында бұзылыстары бар, сондай-ақ күрделі құрылымд кемістіктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктерінзерттейді, сонымен қатар білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен түзету-педагогикалық іс-шараларды ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттейді.<br>Олардың негізгі міндеттеріне жататындар:<br>- баланың физикалық, психикалық, сөйлеу және неврологиялық жағдайын ескере отырып, зерттеу жүргізеді және білім алудағы ерекше қажеттіліктерін бағалайды;<br>- даму деңгейін және оқудағы проблемаларды ескере отырып, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың топтарын/шағын топтарын жинақтауды жүзеге асырады;<br>- инклюзия жағдайында түзету-дамыту мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмысы бойынша жалпы және жеке оқу |

| | | |
|---|---|---|
| | | бағдарламаларын әзірлейді;<br>- білім алуда ерекше қажеттіліктерібар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының командасында жұмыс істейді;<br>- білім алуда ерекше қажеттіліктерібар балаларды оқытудың, тәрбиелеудің, кемістіктерін түзету мен орнын толтырудың, еңбекке және әлеуметтік бейімдеудің тиімді құралдары мен әдістерін әзірлеуге қатысады;<br>- педагог қызметкерлер мен ата-аналарға (оларды алмастыратын тұлғаларға) білім алуда ерекше қажеттіліктерібар балаларға көмек көрсетудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану бойынша кеңестер береді;<br>- мемлекеттік стандарттар шеңберінде және одан тыс жалпы, арнайы және жеке білім беру бағдарламаларын іске асырады;<br>- қоғамның толерантты қатынасын қалыптастырады және инклюзивті білім беруді дамытуға ықпал етеді;<br>- тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оның әлеуметтенуіне ықпал етеді;<br>- оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологиялары саласында өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырып отырады;<br>- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі тиімді формаларын, әдістерін, әдістері мен құралдарын қолданады;<br>- тиісті құжаттарды жүргізеді және кабинетті қажетті көмекші, дидактикалық құралдармен жабдықтайды;<br>- конференцияларға, семинарларға, әдістемелік бірлестіктерге және әдістемелік жұмыстың басқа да нысандарына қатысады;<br>- ата-аналармен (олардың орнындағы адамдармен) байланысты жүзеге асырады;<br>- еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды;<br>- білім беру процесі кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. |

**Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау**

| **Құзыреттілік түрлері** | **Оқу нәтижесінің коды** | **Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)** |
|---|---|---|
| Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: 1. (Softskills) | ОН 1 | Қоғамды біртұтас жүйе және тұлға ретінде қабылдайтындығын көрсетеді: құқықтық мүдделер; экономикалық және әлеуметтік жағдайлар. Қоғамды жаңғырту бойынша білімін қолданады, қазақстандық даму моделін қалыптастыруға үлес қосады. Білім беру ортасындағы академиялық адалдық принциптерінің маңыздылығын түсінеді және соған сәйкес әрекет етеді. |
| | ОН 2 | Мектеп жасындағы балалардың физикалық дамуын бағалайды және олардың дамуы мен есту, көру, сөйлеу мүшелерінің жұмысының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері туралы білімді меңгерген; сенсорлық жүйелер патологиясының этиологиясын, патогенезін, жіктелуін ажыратады; оларды түзетудің және ақаулықтың орнын толтырудың техникалық құралдарын меңгерген; ақаулықтың алдын алу тәсілдеріне басым көңіл бөледі. |
| | ОН 3 | Кәсіби деңгейде жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін оқыту әдістері мен тәсілдерін қолданады; педагогикалық ұжымды басқаруда іскерлік коммуникациялардың түрлері мен нысандарын пайдаланады; ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын әзірлеуге қатысады. Ғылыми зерттеу әдістерін біледі. |
| Кәсіби құзыреттер: 2. (Hardskills) | ОН 4 | Тұқым қуалайтын ауруларды анықтайды; тұқым қуалаушылықтың цитологиялық және молекулалық негіздерін сипаттайды; генетикалық мәселелерді шешеді, тек тармағын құрайды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардағы клиникалық ерекшеліктерді анықтайды; хромосомалық аберрациялардың этиологиясын, патогенезін түсіндіреді. |
| | ОН 5 | Орталық жүйке жүйесінің құрылымдық ерекшеліктері туралы білімін көрсетеді; жүйке жүйесі ауруларының этиологиясын, патогенезін және клиникалық көріністерін ажыратады; неврологиялық өзгерістерді диагностикалау және түзету әдістерін қолдана алады. Тұлғаның денсаулық мәселелерінде бағдарлану қабілетін, денсаулық мәселелері бойынша сауаттылық пен білімділігін көрсетеді. |
| | ОН 6 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардағы ақаулық түрлерін анықтайды; оларды жіктейді, анықталған ерекшеліктерін жоюға бағытталған диагностикалық және кешенді логопедиялық жұмыс жасайды; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда сөйлеу дамуының бұзылуының алдын алу шараларын ұсынады. |
| | ОН 7 | Кәсіби деңгейде психологиялық-педагогикалық диагностика және түзету бойынша білімін қолданады, сонымен қатар даму дәрежелерін анықтайды; даму стратегиялары мен болжамын құрады; диагностика жүргізуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, психологиялық-педагогикалық, логопедиялық тексерудің нәтижелерін талдайды, осы негізде түзету-дамыту жұмысын жоспарлайды. |
| | ОН 8 | Конституциялық заңнаманы, халықаралық құқықты ғылыми талдаумен және оны қолдану практикасымен ұштастыра отырып, бала құқықтары туралы негізгі ережелерді айқындайды. Құқықтар мен міндеттерге қатысты қолданыстағы нормативтік-құқықтық мәселелерді, қорғау тетіктерін, зорлық-зомбылықтың алдын алу, қол жетімді тіршілік ортасын қамтамасыз ету мәселелерін және т. б. қарастырады. |
| | ОН 9 | Негізгі мектеп пәндері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту процессін жоспарлайды, әзірлейді және ұйымдастырады; сондай-ақ логопедия сабақтары мен жеке сабақтар; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жеке даму бағдарламаларын әзірлейді. Балаларды логопедиялық тексеруден өткізеді; логомассаж және логоритмиканы қолданады. |

| | | |
|---|---|---|
| | ОН 10 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психикасы мен жеке басының қалыптасу ерекшелігін түсіндіреді; әлеуметтік қызметтердің қызметін талдайды және әртүрлі бейіндегі мамандардың бірлескен өзара іс-қимыл бағытын әзірлейді. Зерттеу мақсаттарына сәйкес келетін логопедиялық әдістердің кешенін жоспарлайды және таңдайды; зерттеу мақсаттарына сәйкес келетін егжей-тегжейлі құрылымдық логопедиялық қорытынды жасайды. |
| Сандық құзыреттер:<br>3. (Digital skills): | ОН 11 | Педагог-ассистенттің кәсіби қызметі мен функционалдық міндеттерін түсінетінін көрсетеді. ЕББҚ бар балалардың отбасыларымен сындарлы өзара іс-қимыл жасайды; бейімделген жеке бағдарламаларды, оқыту маршруттарын, оның ішінде мектептегі білім беру жүйесінде инновациялық әдістерді (қашықтықтан оқыту, платформаларды әзірлеу, Google нысандары) және IT-технологияларды пайдалана отырып әзірлейді. |

## Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндер атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН 1 | Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері | Қазақстан тарихы (МЕ) | 5 |
| | | Философия | 5 |
| | | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | 5 |
| | | Қолданбалы бизнес | |
| | | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | |
| | | Ғылыми зерттеулердің негіздері | |
| | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі | Мәдениеттану, Психология | 4 |
| | | Саясаттану, Әлеуметтану | 4 |
| | Ақпараттық -коммуникативтік | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | 5 |
| | | Орыс тілі | 10 |
| | | Шетел тілі | 10 |
| | | Дене шынықтыру | 8 |
| ОН 2<br>ОН 3 | Педагогикалық дайындық негіздері | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы | 5 |
| | | Педагогика | 5 |
| | | Білім берудегі менеджмент | 5 |
| | | Инклюзивті білім беру | 5 |
| | | Арнайы педагогика | 5 |
| ОН 4<br>ОН 5 | Медициналық- биологиялық | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың дамуындағы клиникалық ерекшеліктер және тұқым қуалаушы науқастар | 5 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардағы есту, көру, сөйлеу мүшелерінің патологиясы | 5 |
| | | Балалық жастағы невропатология | 5 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың физикалық-психикалық даму бұзылыстарының нейропсихологиялық негіздері | 5 |
| | | Денсаулықтың медициналық-әлеуметтік негіздері<br>Медициналық- әлеуметтанулық мониторинг негіздері | 4 |
| | | Оқу | 4 |
| ОН 6<br>ОН 7<br>ОН 8 | Кәсіби | Арнайы психология негіздері<br>Логопсихология | 5 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогичкалық тексеру әдістері<br>Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды кешенді логопедиялық тексеру технологиясы | 4 |
| | | Мамандыққа кіріспе: арнайы және инклюзивті білім беру<br>Мамандыққа кіріспе: логопедия | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Бала құқықтары және оларды қорғаудың құқықтық тетіктері<br>Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғау | 4 |
| | | Педагогикалық | 4 |
| ОН 9 | Оқытудың арнайы әдістемелері | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға математиканы оқытудың арнайы әдістемесі<br>Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға логопедиялық көмекті жоспарлау мен ұйымдастыру | 6 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға тіл пәндерін оқытудың арнайы әдістемесі<br>Сенсорлық бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыс | 5 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға өнер және технология пәндерін оқытудың арнайы әдістемесі<br>Зият бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыс | 5 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға жаратылыстану пәндерін оқытудың арнайы әдістемесі<br>Балалардың церебральды параличі бар балалармен логопедиялық жұмыс | 5 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу жұмысының арнайы әдістемесі<br>Аутистік спектр бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыс | 6 |
| | | Логомассаж және логоритмика<br>Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды физикалық дамыту әдістемесі | 5 |
| | | Инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды логопедиялық сүйемелдеу<br>Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға және заттық-тәжірибелік әрекетке үйрету әдістемесі | 5 |
| ОН 10 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды түзету-педагогикалық сүйемелдеу | Қарым-қатынастың арнайы құралдары<br>Сөйлемейтін балалардың тілін шығару | 4 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмысты әртүрлі типтегі мекемелерде ұйымдастырудың ерекшеліктері<br>Білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде логопед жұмысын ұйымдастыру | 5 |
| ОН 11 | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды түзете -дамыта оқыту әдістері<br>Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарындағы түзету-дамыту жұмыстары | 5 |
| | | Үйден оқытудағы білім беру процесін сүйемелдеу әдістемесі<br>Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқытудың ерекшеліктері | 4 |
| | | Кәсіби қазақ тілі<br>Кәсіби терминология | 4 |
| | | Педагогикалық | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Педагог-ассистентті дайындау | Инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру | 5 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыстағы заманауи инновациялық әдістер | 5 |
| | | Педагог-ассистент жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы | 5 |
| | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды жеке сүйемелдеу әдістемесі | 5 |
| | | Дипломалды | 3 |
| | | Педагогикалық | 15 |
| | Қорытынды аттестаттау | Қорытынды аттестаттау | 8 |

## Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

| NN p/p | Пән атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз) | Кредит саны | Формируемые результаты обучения (коды) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **ОН 1** | **ОН 2** | **ОН 3** | **ОН 4** | **ОН 5** | **ОН 6** | **ОН 7** | **ОН 8** | **ОН9** | **ОН10** | **ОН11** |
| Жалпы білім беру пәндерінің циклі (бакалавриат үшін)<br>Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | |
| D1 | Қолданбалы бизнес | Идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | + | | | | | | | | | | |
| D2 | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | Құқықтық тәрбие, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, құқықтық сананы арттыру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салалары, Қазақстан Республикасының заңнамасын түсіну, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдау және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру сұрақтары қарастырылады. | | + | | | | | | | | | | |
| D3 | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған. | 5 | + | | | | | | | | | | |
| D4 | Ғылыми зерттеу негіздері | Студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі дағдыларын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығын дамыту мақсатында оқытылады. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| Базалық пәндер циклі<br>ЖОО компонеті | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| D5 | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы | Курста мектеп оқушыларының физиологиялық дамуының жалпы заңдылықтары; анатомия, жүйке жүйесінің физиологиясы, сенсорлық жүйелер, ішкі секреция бездері, асқорыту, тыныс алу, жүрек-қантамырлар жүйесі және т.б.; күнделікті режимді гигиеналық бағалау әдістері және оқу-тұрмыстық үй-жайлардың гигиеналық нормасы туралы оқытады. | 5 | | + | | | | | | | | | |
| D6 | Педагогика | Тұтас педагогикалық процестің мәні, оның мазмұны, ұйымдастыру принциптері, нысандары, әдістері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудағы субъектілік өзара әрекеттесу құралдары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын дамытуға арналған. | 5 | + | | + | | | | | | | | |
| D7 | Білім берудегі менеджмент | "Білім берудегі Менеджмент" курсы білім беруді басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеуге арналған. Курс Қазақстан Республикасында және шетелде қазіргі кезеңде білім беру жүйесін дамыту үрдістері мен стратегиялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Осы курс шеңберінде білім беру ұйымын басқару әдістері мен нысандарына, білім беру ұйымындағы басқарудың жалпы қағидаттарына, тұтас педагогикалық процесті жоспарлау мен мониторингті ұйымдастыруға, педагогикалық ұжымды басқару проблемаларына байланысты мәселелер қарастырылады. | 5 | + | | + | | | | | | | | |
| D8 | Инклюзивті білім беру | Курс инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық шарттарын, әлемдік және отандық тәжірибені талдау, оқуға қабылдау және оқуды аяқтау ережелері, бағдарламалық материалды бейімдеу; жеке білім беру маршрутын әзірлеу және енгізу; инклюзивті тәжірибе субъектілерін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету бойынша жұмыстың мазмұнын зерттеуге арналған. | 5 | + | | + | | | | | | | + | + |
| D9 | Арнайы педагогика | Курс арнайы педагогика теориясы бойынша білімдер мен арнайы және инклюзивті білім беруде педагогикалық қызметке қажетті кәсіби дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Дидактика мәселесі; ғылым ретінде дамудың негізгі мәселелері; пәндік салалар, заманауи арнайы білім беру жүйесі мен мазмұны, ұйымдастырылуы қарастырылады. | 5 | + | | + | | | | | | | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| D10 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың дамуындағы клиникалық ерекшеліктер және тұқым қуалаушы науқастар | Курс ерекше қажеттіліктері бар балалар санатындағы тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Дамудың клиникалық ерекшеліктері; цитологиялық және молекулалық негіздері; тұқым қуалау жағдайындағы ақыл-ой және физикалық даму бұзылыстарының түрлері; аурулардың этиологиясы, патогенезі және жіктелуі туралы сұрақтар қарастырылады. | 5 | | | | + | | + | | | | | |
| D11 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың есту, көру, сөйлеу мүшелерінің патологиясы | Курс анализаторлардың функционалдық ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Онтогенездің әртүрлі кезеңдеріндегі көру, есту және сөйлеу жүйесінің даму нормадағы дамуы мен патологиясы; көру, есту, сөйлеу органдарының функциялары бұзылған кездегі аурулардың сипаттамасы, емдеу және алдын алу шаралары туралы сұрақтар қарастырылады. | 5 | | | | + | + | + | + | | | | |
| D12 | Балалық жастағы невропатология | Курс баланың орталық жүйке жүйесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Баланың жүйке-психикалық дамуының заңдылықтары мен механизмдері; жүйке жүйесінің патологиясы; жүйке ауруларының даму себептері мен механизмдері; орталық жүйке жүйесінің патологиясындағы жалпы даму ерекшеліктері туралы сұрақтар қарастырылады. | 5 | | | | | + | + | | | | | |
| D13 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың физикалық-психикалық даму бұзылыстарының нейропсихологиялық негіздері | Курс білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардағы психофизикалық бұзылулардың нейропсихологиялық негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Жоғары психикалық функциялардың жүйелі динамикалық оқшаулануы теориясы және функционалды жүйелер теориясы; мидың функционалды блоктары; балалардағы нейропсихологиялық синдромдардың құрылымы мен симптомдық талдаулар қарастырылады. | 5 | | | | | + | + | | | | | |
| D14 | Инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру | Курс БАЕҚ бар балаларды әлеуметтендірудің тиімді формалары мен әдістері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Инклюзивті тәжірибе контекстінде БАЕҚ бар балалардың әлеуметтік белсенділігін диагностикалау, байланыстар социограммасын құрастыру технологиясы, отбасылық ішкі қарым-қатынастар; қалыпты және БАЕҚ бар балаларды бірлескен іс-әрекетке дайындау. | 5 | | | + | | | | | + | | | + |
| D15 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыстағы заманауи инновациялық | Курс арнайы және инклюзивті білім берудегі жұмыстың тиімді құралдары, формалары мен инновациялық әдістері туралы білімді қалыптастыруға бағытталған. Оқыту технологиялары мен инновациялық әдістерін таңдау, қолдану | 5 | | | + | | | | | + | | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | әдістер | мәселелері қарастырылады. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектептердің әртүрлі инновациялық және жаңа заманауи тәжірибелерімен таныстырады. | | | | | | | | | | | | |
| D16 | Педагог-ассистент жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы | Курс педагог-ассистенттің функционалдық міндеттері мен кәсіби қызметі туралы білімді қалыптастыруға; инклюзивті білім беру жағдайында БАЕҚ бар балаларды оқытудың ерекшедіктері туралы білім; оқушылар ресурстарын бағалау, білім беру стратегиясын түзету. Педагог-ассистенттің негізгі құжаттарының мазмұны, оларды жүргізу жолдарын қарастырады. | 5 | | | + | | | | | + | | | + |
| D17 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды жеке сүйемелдеу әдістемесі | Курс инклюзия жағдайында педагог-ассистент жұмысының спецификасы туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Жеке жұмыстың ұйымдастырушылық шарттары, нысандары, принциптері, мазмұны, әдістері мен тәсілдері бойынша мәселелер; жалпы білім беру ұйымдарында инклюзия жағдайында БАЕҚ бар балалардың әртүрлі топтарымен педагог-ассистенттің жұмысының ерекшеліктері қарастырылады. | 5 | | | + | | | | | + | | | + |
| Базалық пәндер циклі<br>Таңдау компоненті | | | | | | | | | | | | | | |
| D18 | Денсаулықтың медициналық-әлеуметтік негіздері | Курс денсаулық, салауатты өмір салты, денсаулық сақтау және әлеуметтік аурулардың алдын алу туралы ілімнің ғылыми-теориялық және практикалық негіздерін оқытуға арналған. Медициналық-әлеуметтік сауаттылықтың негізгі ұғымдары, денсаулық түрлері, денсаулықты басқару тәсілдері, медициналық ақпараттылықты арттыру, медициналық хабардарлық деңгейлері, денсаулықты нығайту, қорғау мәселелері қарастырылады. | 4 | | | | | + | + | + | | | | |
| | Медициналық-әлеуметтанулық мониторинг негіздері | Курс медициналық-әлеуметтанулық мониторингтің заманауи технологияларын, әдістемесін, медициналық-әлеуметтанулық мониторинг жүргізудің маңыздылығын, мақсаттары мен міндеттерін оқытуға арналған. Медициналық-әлеуметтанулық зерттеулерді ұйымдастыру мәселелері, әлеуметтік детерминанттардың түрлері, жіктелуі, әлеуметтанулық зерттеулердің ерекшелігі мен мақсаты, медициналық-әлеуметтанулық мониторингті қалыптастыру әдістемесі қарастырылады, денсаулық жағдайын бағалау дағдылары қалыптастырылады. | | | + | | | + | + | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| D19 | Оқу | Оқу практикасы студенттерді арнайы және жалпы білім беретін білім беру ұйымдары қызметінің ұйымдастырылу ерекшеліктерімен таныстыруға; медициналық-педагогикалық құжаттаманы жүргізумен таныстыруға; медициналық-биологиялық модуль бойынша алған құзыреттерін болашақ кәсіби қызметтің ерекшеліктерін зерделеу барысында қолдануға арналған. | 4 | | + | | + | + | + | + | | | | |
| D20 | Арнайы психология негіздері | Курс психикалық және физикалық кемістігі бар адамдардың психикалық дамуының ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Атипті дамудың себептерін, механизмдері мен құрылымын; білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың клиникалық, физиологиялық, психологиялық және педагогикалық мінездемелерін; танымдық қабілеттерін психологиялық зерттеудің негіздерін қарастырады. | 5 | | | | | | | + | | | + | |
| | Логопсихология | Курс сөйлеу қабілеті бұзылған адамдардың психологиялық типологиясы туралы білімдерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Есту мен интеллект қабілеті сақталған сөйлеу тілі бұзылған адамдардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру; танымдық саланың бұзылуын психологиялық түзету мәселелері; бастапқы сөйлеу бұзылыстарын анықтаудағы дифференциалды диагностика әдістері қарастырылады. | | | + | | | | | | + | | + | |
| D21 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру әдістері | Курс білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеудің әдістемелік негіздері туралы білімді қалыптастыруға бағытталған. Дамудың бұзылуы туралы қазіргі заманғы түсініктер мәселесі; білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру әдістемесі, әдістері мен рәсімі, тексеру нәтижелерін талдау, түсіндіру ерекшеліктері қарастырылады. | 4 | | | | | | + | | + | | + | |
| | Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды кешенді логопедиялық тексеру технологиясы | Курс әртүрлі жастағы балаларды логопедиялық тексеру дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Логопедиялық тексеру кезеңдерінің құрылымдық-мазмұндық аспектілері бойынша сұрақтар; дыбыс айтуда, фонетикалық-фонематикалық қабылдауда, жазудың оптикалық-моторлы, сенсорлық-акустикалық, сенсорлық-моторлы деңгейлеріндегі моторлық және сенсорлық функцияларды логопедиялық тексерудің тиімді технологиялары мен әдістері қарастырылады. | | | | | | | + | | + | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| D22 | Мамандыққа кіріспе: арнайы педагогика | Курс болашақ мамандық туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Кәсіби қызметтің басқа педагогикалық кәсіптер арасындағы өзіндік ерекшеліктері; арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы рөлі; педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға қатысты ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, кәсіби құзыреттілікке қойылатын талаптар туралы сұрақтар қарастырылады. | 5 | + | | + | | | | | | | | + |
| | Мамандыққа кіріспе: логопедия | Курс логопедияның ғылыми-теориялық негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Балаларды оқыту, тәрбиелеу және сөйлеу бұзылыстарын түзету мәселелері; мамандық туралы жалпы мәліметтер: логопедтің профессиограммасы, еңбек жағдайлары, маманның жеке және кәсіби ерекшеліктеріне қойылатын талаптар; заманауи логопедияның негізгі тенденциялары мен даму перспективалары қарастырылады. | | + | | + | | | | | | | | + |
| D23 | Бала құқықтары және оларды қорғаудың құқықтық тетіктері | Курс халықаралық, еуропалық және ұлттық деңгейлерде бала құқықтарын іске асыру деңгейлері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, баланы зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғау үшін құқықтық жағдайлар жасау жөніндегі осы мәселенің нормативтік-құқықтық базасы қаралады. Халықаралық және мемлекеттік деңгейлерде бала құқықтарын қорғау тетіктері ашылды. | 4 | | | + | | | | + | + | + | + | + |
| | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғау | Курс білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын іске асыру туралы білімдерді, әртүрлі жағдайларда құқықтық қорғау дағдыларын қалыптастыруға арналған. Құқықтар мен міндеттерге қатысты нормативтік-құқықтық мәселелер, қорғау тетіктері, зорлық-зомбылықтың алдын алу, қолжетімді тіршілік ортасын қамтамасыз ету мәселелері және т.б. қарастырады. | | | | + | | | | + | + | + | + | + |
| D24 | Педагогикалық | Педагогикалық практика практикалық қызметте психологиялық-педагогикалық, логопедиялық пәндер бойынша теориялық білімді қолдану дағдыларын, мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық және логопедиялық диагностика жүргізу дағдыларын қалыптастыруға; мінездеме құрастыру мен түзету-дамыту іс-шараларын жоспарлау іскерліктерін қалыптастыруға | 4 | | 3 | | | | | | | + | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | арналған. | | | | | | | | | | | | |
| D25 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға математиканы оқытудың арнайы әдістемесі | Курс білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға математиканы оқытудың арнайы әдістемесі бойынша білімдер мен дағдыларды қалыптастыруға арналған. Оқытудың білім беру, тәрбие, түзету-дамыту міндеттерін; балалардың зияткерлік қабілеттерін ескере отырып математиканы оқыту әдістемесін; арнайы және инклюзивті мектепте математика сабақтарын жоспарлау мен ұйымдастыруды қарастырады. | 6 | | | + | | | | | | + | | + |
| | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға логопедиялық көмекті жоспарлау мен ұйымдастыру | Курс мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөйлеуін тілін тексеру - дамыту бойынша білімді қалыптастыруға арналған. Әр түрлі сөйлеу патологиялары үшін сабақ модельдерін талдау мен әзірлеудің теориясы мен әдістемесі қарастырылады. | | | | + | | | | | | + | | + |
| D26 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға тіл пәндерін оқытудың арнайы әдістемесі | Курс арнайы әдістеменің теориялық негіздерін және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға ана тілін оқыту дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Оқытудың мазмұны, принциптері, әдістері мен тәсілдері; білім беру технологиялары; арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында сабақтарды жоспарлау және ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. | 5 | | | + | | | | | | + | | + |
| | Сенсорлық бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыс | Курс сенсорлық бұзылыстары бар балалардың сөйлеу қызметі мен тілдік кемшіліктердің ерекшеліктері туралы білімдерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Тексерудің ерекшелігі, сенсорлық бұзылулардың айқындылығы; сөйлеу бұзылыстарын жоюда логопедиялық жұмысты ұйымдастыру мен мазмұны: сабақты жоспарлау, құрылымын анықтау, әдістер мен тәсілдерді таңдау сұрақтары қарастырылады. | | | | + | | | | | + | + | | + |
| D27 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға өнер және технология пәндерін оқытудың арнайы әдістемесі | Курс білім алуде ерекше қажеттіліктері бар адамдардың шығармашылық қабілеттерінің бірегейлігі туралы білімдер мен оларды өнерге үйрету дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Оқытудың мазмұнын, заңдылықтары, қағидалары, әдістері мен тәсілдері, формалары; еңбек және бейнелеу сабақтарын жоспарлау мен ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. | 5 | | | + | | | | | | + | | + |
| | Зият бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыс | Курс әртүрлі деңгейдегі зият бұзылыстары бар және психикалық дамуы тежелген балалардағы сөйлеу тілі кемістіктеріне түзету-логопедиялық жұмыс жүргізу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Тілдік дамыту мәселелері, бұзылулардың себептерін, құрылымын; | | | | | | | | | + | + | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тексеру және жеке логопедиялық сабақтарды ұйымдастыру мен өткізудің ерекшеліктері қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| D28 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға жаратылыстану пәндерін оқытудың арнайы әдістемесі | Курс білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоршаған әлеммен таныстыру әдістемесі бойынша білімдерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Дидактика мәселесі, экологиялық тәрбие, жаратылыстану және әлеуметтік зерттеулер бағыты; жұмыстың әдістері мен нысандары; осы санаттағы балалар үшін пәндік-практикалық дамыту ортасын құру технологиясы қарастырылады. | 5 | | | + | | | | | | + | | + |
| | Балалардың церебральды параличі бар балалармен логопедиялық жұмыс | Курс балалардың церебральды сал ауруындағы сөйлеу тілі дамуының ерекшеліктері туралы білімдерді және осы топтың балаларымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға арналған. Сөйлеу бұзылыстарының белгілері, формалары, этиологиясы, механизмдері; зерттеу ерекшеліктері; балалардың церебральды сал ауруы кезінде жүйелі логопедиялық жұмысты ұйымдастыру, әдістері мен тәсілдері қарастырылады. | | | | + | | | | | + | + | | + |
| D29 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу жұмысының арнайы әдістемесі | Курс тәрбие теориясы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Тәрбие жүйесінің мәселелері; жұмыстың мазмұндық бағыттары мен нысандары, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тәрбиеленушілермен сыныптан тыс жұмыс әдістемелері; сыныптан тыс жұмыс; гуманистік тәрбие жүйесінің жеке-бағдарланған және жеке-сараланған ыңғайға негізделген әдістері мен тәсілдері қарастырылады. | 6 | | | + | | | | | | + | | + |
| | Аутистік спектр бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыс | Курс аутистік спектр бұзылыстары бар балалардағы сөйлеу тілі бұзылыстарының ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Тілдік және тілдік емес функцияларды зерттеу; дифференциалды диагностика; дәстүрлі және инновациялық әдістер, тәсілдер мен технологиялар; әртүрлі жас кезеңдеріндегі логопедиялық жұмыстың мазмұны мен ұйымдастырылуы қарастырылады. | | | | | | | | | + | + | | + |
| D30 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды физикалық дамыту әдістемесі | Курс ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың физикалық даму ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Дене шынықтыру, емдік дене шынықтыру және түзету ритағы бойынша сабақтарды ұйымдастырудың әдістемелік мәселелерін қарастырады; түзету және жалпы білім беру ұйымдарында ұсақ және жалпы моториканы дамыту. | 5 | | | + | | | | | | + | | + |
| | Логомассаж және логоритмика | Курс әртүрлі патогенездің сөйлеу бұзылыстарын жою үшін түзету ырғақ негіздері мен логопедиялық массаждың | | | | | | | | | + | + | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Логопедиялық практикада массаждың әртүрлерін, логоритмикалық жаттығуларды, авторлық әдістерді, сондай-ақ зондты, нүктелік, аппараттық, классикалық массаждарды қолдану көрсеткіштері мен қолданудың қарсы көрсеткіштері мәселелері қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| D31 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға және заттық-тәжірибелік әрекетке үйрету әдістемесі | Курс әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлауға және пәндік-практикалық қызметке оқытудың арнайы әдістемесі бойынша білімдерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Күнделікті өмірдегі, ойындағы, оқудағы пәндік-манипуляциялық қызмет мәселелері; тәуелсіз өмірге даярлық пен қоғамға сәтті бейімделуде қажетті әлеуметтік-тұрмыстық түсініктер мен дағдыларды қалыптастыру; сенсорлық дамудың тиімді әдістері қарастырылады. | 5 | | | + | | | | | | + | | + |
| | Инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды логопедиялық сүйемелдеу | Курс жалпы білім беретін мектепте білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды логопедиялық сүйемелдеу бойынша білімдерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің құрамында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды жеке қолдау мәселелері, оқытудың инклюзивті жағдайларында жеке маршруттарды әзірлеу ерекшеліктері қарастырылады. | | | | + | | | | | + | | | + |
| D32 | Қарым-қатынастың арнайы құралдары | Курс сенсорлық және сөйлеу қабілеті бұзылған адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде әртүрлі сигналдар туралы білімдерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Аталған топтағы балаларды қарым-қатынас жасаға үйрету; баланың мүмкіндіктеріне қарай арнайы құралдарды (зат, символ, сурет, ым-ишара, дактиль, мимика және т.б.) таңдау принциптері қарастырылады. | 4 | | | + | | | | | + | | + | + |
| | Сөйлемейтін балалардың тілін шығару | Курс баланың тілді меңгеру заңдылықтары туралы білімдерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қалыпты сөйлеу тілін дамыту мәселелері, тілдік дамудағы маңызды кезеңдер, сөйлеудің болмау себептері мен механизмдері; логопедиялық жұмыстың бағыттары, кезеңдері, әдістері; сөйлемейтін балаларда дыбыстар мен тілді шығару әдістемесі қарастырылады. | | | | | | | + | | + | | + | |
| D33 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмысты әртүрлі типтегі мекемелерде | Курс білім беру ұйымдарының түрлеріне байланысты оқу-тәрбие және түзету-дамыту процестерін ұйымдастыру бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ұйымдардың әртүрлі құрылымдық жағдайларында арнайы педагогтардың атқаратын | 5 | | | + | | | | | | + | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастырудың ерекшеліктері | лауазымдары мен функционалдық міндеттеріне сәйкес жұмысты жобалау, жоспарлау, іске асыру және мониторингілеу мәселелері қарастырылады. | | | | | | | | | | | | |
| | Білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде логопед жұмысын ұйымдастыру | Курс мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөйлеуін тілін тексеру - дамыту бойынша білімді қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі және мектеп ұйымдары, сондай-ақ денсаулық сақтау мекемелерінде сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен түзету-дамыту жұмыстарының теориясы мен әдістемесі, кешенді көмегі мен технологияларының мазмұны қарастырылады. | | | | + | | | | | + | + | | + |
| D34 | Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарындағы түзету-дамыту жұмыстары | Курс әртүрлі сөйлеу бұзылыстары бар балалармен түзету жұмыстарын жүргізу бойынша білімдер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Жазу мен оқудың бұзылуы, ауызша және жазбаша тілдің бұзылуы, олардың өзара байланысы; логопедиялық жұмыс әдістемесі; түзету-педагогикалық жұмыстағы сараланған тәсіл; балалардағы сөйлеу бұзылыстарының алдын алу мәселелері қарастырылады. | 5 | | | + | | | | | | + | | + |
| | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды түзете-дамыта оқытудың заманауи әдістері | Курс білім алуда ерекше қажеттіліктері бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балалар үшін түзету мен дамыту ортасын құру бойынша білімдер мен дағдыларды қалыптастыруға арналған. Түзету-дамыта оқыту, әлеуметтік бейімдеу әдістері, технологиялары туралы; психикалық даму барысы мен қарқынын қалыпқа келтіру мүмкіндіктері қарастырылады. | | | | | | | | | + | + | | + |
| D35 | Үйден оқытудағы білім беру процесін сүйемелдеу әдістемесі | Курс үйден (жеке) оқытудың мәні мен ерекшелігі туралы білімдерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Үйден оқытудың технологиялары мен ұйымдастырушылық мәселелері; келешегі мен орындылығы; білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланың жеке дамуына үйден оқытудың ықпалы; табысты әлеуметтену мен бейімделу үшін қолайлы орта құру шарттары қарастырылады. | 4 | | | + | | | | | + | | | + |
| | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды үйден оқытудың ерекшеліктері | Курс үйден оқытуды ұйымдастыру принциптері, процеске қатысушылардың құқықтары мен міндеттері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Үйден оқытуды жеке сүйемелдеудің алуан түрлі формалары мен технологиялары; үйден оқыту үдерісінде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға сабақты дайындау және өткізу кезеңдері қарастырылған. | | | | + | | | | | + | | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| D36 | Кәсіби қазақ тілі | Пән білім алушының кәсіби коммуникация мәдениетін қалыптастыру, салалық терминдерді бірізді қолдану, кәсіби салаға қатысты құжаттарды стандарттар мен нормаларға сәйкес жазу дағдыларын машықтандыру, кәсіби қазақ тілінде сөйлеу, жазу, қатысты жетілдіріп, лексикасын байыту, мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту және дамыту мақсатында оқытылады. | 4 | | | | | | | | | | | |
| | Кәсіби терминология | Курста арнайы кәсіби-педагогикалық ұғымдар мен арнайы және инклюзивті білім беруде қабылданған аббревиатура қарастырылады. Мамандар – арнайы педагогтар, логопедтер, нейропсихологтар қолданатын нақты ұғымдар мен терминдерге ерекше назар аударылады. Курс бір жеке пәнді зерттеуде қолданылатын арнайы терминдерді де, барлық пәндерге ортақ терминдерді де қамтиды. | | | | | | | | | | | | |
| D37 | Педагогикалық | Педагогикалық практика бейіндік пәндер бойынша теориялық білімдерді практикалық қызметте қолдануға арналған; мектеп және мектепке дейінгі деңгейдегі арнайы және жалпы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамытуға арналған. | 4 | | + | | | | | | | + | + | + |
| D38 | Дипломалды | Практика студенттердің зерттеуші ретінде кәсіби әрекетін: түзету білім беру мекемелері жағдайында тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру; студенттердің алынған деректер мен зерттеу нәтижелерін статистикалық және сандық өңдеу әдістерін қолдануға арналған. Тәжірибенің нәтижесі қолданыстағы стандарттарға сәйкес дайындалған дипломдық жұмыс болуы тиіс. | 3 | | | | | | | | + | + | | |
| D39 | Педагогикалық | Педагогикалық практика білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін әртүрлі білім беру ұйымдарында түзету-дамыту процесінде мамандық бойынша оқу барысында алған кәсіби құзыреттіліктерді қолдануға, оның ішінде, оқу пәндерін оқыту, тәрбие іс-шараларын, логопедтік сабақтарды ұйымдастыру, әлеуметтік бейімдеу және кәсіби бағдарлау жұмыстарына қатысу. | 15 | | + | | | + | + | + | + | + | + | + |

**Сертификаттау бағдарламасы (minor) «Педагог-ассистент даярлау» - 20 кредит**

| Сертификаттау бағдарламасы | Семестр, пәндер | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| Педагог-ассистент даярлау | | | | | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды жеке сүйемелдеу әдістемесі | Педагог-ассистент жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылуы | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыстағы заманауи инновациялық әдістер;<br><br>Инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру |

## Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

| ЖОН | Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН) | Оқыту әдістері | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|
| ЖОН 1 | Қоғамды біртұтас жүйе және тұлға ретінде қабылдайтындығын көрсетеді: құқықтық мүдделер; экономикалық және әлеуметтік жағдайлар. Қоғамды жаңғырту бойынша білімін қолданады, қазақстандық даму моделін қалыптастыруға үлес қосады. Білім беру ортасындағы академиялық адалдық принциптерінің маңыздылығын түсінеді және соған сәйкес әрекет етеді. | дәріс<br>кейс-әдіс<br>пікірталас<br>жобалық оқыту<br>дөңгелек үстел | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>эссе |
| ЖОН 2 | Мектеп жасындағы балалардың физикалық дамуын бағалайды және олардың дамуы мен есту, көру, сөйлеу мүшелерінің жұмысының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері туралы білімді меңгерген; сенсорлық жүйелер патологиясының этиологиясын, патогенезін, жіктелуін ажыратады; оларды түзетудің және ақаулықтың орнын толтырудың техникалық құралдарын меңгерген; ақаулықтың алдын алу тәсілдеріне басым көңіл бөледі. | дәріс<br>жобалық оқыту<br>дөңгелек үстел | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>коллоквиум |
| ЖОН 3 | Кәсіби деңгейде жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін оқыту әдістері мен тәсілдерін қолданады; педагогикалық ұжымды басқаруда іскерлік коммуникациялардың түрлері мен нысандарын пайдаланады; ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын әзірлеуге қатысады. Ғылыми зерттеу әдістерін біледі. | дәріс<br>кейс-әдіс<br>пікірталас<br>психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешу<br>жобалық оқыту<br>дөңгелек үстел<br>сабақ жоспарын құру | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>эссе<br>коллоквиум<br>сабақ фрагментін көрсету |
| ЖОН 4 | Тұқым қуалайтын ауруларды анықтайды; тұқым қуалаушылықтың цитологиялық және молекулалық негіздерін сипаттайды; генетикалық мәселелерді шешеді, тек тармағын құрайды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардағы клиникалық ерекшеліктерді анықтайды; хромосомалық аберрациялардың этиологиясын, патогенезін түсіндіреді. | дәріс<br>кейс-әдіс<br>пікірталас<br>жобалық оқыту<br>дөңгелек үстел | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>коллоквиум |
| ЖОН 5 | Орталық жүйке жүйесінің құрылымдық ерекшеліктері туралы білімін көрсетеді; жүйке жүйесі ауруларының этиологиясын, патогенезін және клиникалық көріністерін ажыратады; неврологиялық өзгерістерді диагностикалау және түзету әдістерін қолдана алады. Тұлғаның денсаулық мәселелерінде бағдарлану қабілетін, денсаулық мәселелері бойынша сауаттылық пен білімділігін көрсетеді. | дәріс<br>кейс-әдіс<br>пікірталас<br>психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешу<br>жобалық оқыту | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>эссе<br>коллоквиум |
| ЖОН 6 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардағы ақаулық түрлерін анықтайды; оларды жіктейді, анықталған ерекшеліктерін жоюға бағытталған диагностикалық және кешенді логопедиялық жұмыс жасайды; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларда сөйлеу дамуының бұзылуының алдын алу шараларын ұсынады. | дәріс<br>кейс-әдіс<br>пікірталас<br>психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешу | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>эссе<br>коллоквиум |
| ЖОН 7 | Кәсіби деңгейде психологиялық-педагогикалық диагностика және түзету бойынша білімін | дәріс | тестілеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қолданады, сонымен қатар даму дәрежелерін анықтайды; даму стратегиялары мен болжамын құрады; диагностика жүргізуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, психологиялық-педагогикалық, логопедиялық тексерудің нәтижелерін талдайды, осы негізде түзету-дамыту жұмысын жоспарлайды. | кейс-әдіс<br>пікірталас<br>психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешу<br>жобалық оқыту<br>дөңгелек үстел<br>сабақ жоспарын құру | реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>эссе<br>коллоквиум<br>сабақ фрагментін көрсету |
| ЖОН 8 | Конституциялық заңнаманы, халықаралық құқықты ғылыми талдаумен және оны қолдану практикасымен ұштастыра отырып, бала құқықтары туралы негізгі ережелерді айқындайды. Құқықтар мен міндеттерге қатысты қолданыстағы нормативтік-құқықтық мәселелерді, қорғау тетіктерін, зорлық-зомбылықтың алдын алу, қол жетімді тіршілік ортасын қамтамасыз ету мәселелерін және т. б. қарастырады. | дәріс<br>кейс-әдіс<br>пікірталас<br>психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешу<br>жобалық оқыту<br>дөңгелек үстел<br>сабақ жоспарын құру | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>эссе<br>коллоквиум<br>сабақ фрагментін көрсету |
| ЖОН 9 | Негізгі мектеп пәндері бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту процессін жоспарлайды, әзірлейді және ұйымдастырады; сондай-ақ логопедия сабақтары мен жеке сабақтар; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жеке даму бағдарламаларын әзірлейді. Балаларды логопедиялық тексеруден өткізеді; логомассаж және логоритмиканы қолданады. | дәріс<br>кейс-әдіс<br>пікірталас<br>психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешу<br>жобалық оқыту<br>дөңгелек үстел<br>сабақ жоспарын құру | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>эссе<br>коллоквиум<br>сабақ фрагментін көрсету |
| ЖОН 10 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психикасы мен жеке басының қалыптасу ерекшелігін түсіндіреді; әлеуметтік қызметтердің қызметін талдайды және әртүрлі бейіндегі мамандардың бірлескен өзара іс-қимыл бағытын әзірлейді. Зерттеу мақсаттарына сәйкес келетін логопедиялық әдістердің кешенін жоспарлайды және таңдайды; зерттеу мақсаттарына сәйкес келетін егжей-тегжейлі құрылымдық логопедиялық қорытынды жасайды. | дәріс<br>кейс-әдіс<br>пікірталас<br>психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешу<br>жобалық оқыту<br>дөңгелек үстел<br>сабақ жоспарын құру | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>эссе<br>коллоквиум<br>сабақ фрагментін көрсету |
| ЖОН 11 | Педагог-ассистенттің кәсіби қызметі мен функционалдық міндеттерін түсінетінін көрсетеді. ЕББҚ бар балалардың отбасыларымен сындарлы өзара іс-қимыл жасайды; бейімделген жеке бағдарламаларды, оқыту маршруттарын, оның ішінде мектептегі білім беру жүйесінде инновациялық әдістерді (қашықтықтан оқыту, платформаларды әзірлеу, Google нысандары) және IT-технологияларды пайдалана отырып әзірлейді. | дәріс<br>кейс-әдіс<br>пікірталас<br>психологиялық-педагогикалық жағдайларды шешу<br>жобалық оқыту<br>дөңгелек үстел<br>сабақ жоспарын құру | тестілеу<br>реферат<br>ауызша сұрау<br>жоба қорғау<br>эссе<br>коллоквиум<br>сабақ фрагментін көрсету |

**Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері**

| ОН кодтары | Критерийлер |
|---|---|
| ОН1 | Қазіргі Қазақстанның негізгі тарихи кезеңдерінің хронологиясын; құқықтық, экономикалық, әлеуметтік сала қызметінің негіздері мен заңдылықтарын **біледі** |
| | Тарихи оқиғаларға талдау жүргізе алады; заңнамада бағдарлай **алады** |
| | Қазақстандағы әлеуметтік-құқықтық құбылыстардың мәнін түсіндіруді **меңгереді**. |
| ОН2 | Көру және есту сенсорлық жүйелерінің құрылымы мен қызметі, қалыпты сөйлеу және патология **біледі** |
| | Есту, көру, сөйлеу мүшелерінің туа біткен және жүре пайда болған морфофункционалды патологияларын диагностикалауды **біледі**. |
| | Сөйлеу, көру және есту сенсорлық жүйелері бұзылған балалармен түзету - педагогикалық және емдеу-қалпына келтіру жұмыстарын **меңгереді**. |
| ОН3 | Ғылым мен арнайы білімнің заманауи мәселелері **біледі.** |
| | Инклюзивтік білім беру контексінде кәсіби-практикалық қызметті ұйымдастыра **алады**. |
| | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды арнайы және инклюзивті білім беруде оқыту және түзету мақсатында психологиялық–педагогикалық технологияларды меңгереді. |
| ОН4 | Тұқым қуалайтын аурулардың этиологиясы мен патогенезіндегі генетикалық құраушы тәсілдерді **біледі.** |
| | Қалыпты және патологиялық белгілердің тұқым қуалаушылық сипатын анықтау үшін отбасының шежіресін құрастыра **алады**. |
| | Тұқым қуалайтын аурулардың алдын алу негіздерін **біледі**. |
| ОН5 | Баланың орталық жүйке жүйесінің онтогенезі,  анатомиясы және жас ерекшеліктерін **біледі.** |
| | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың психикалық процестерінің бұзылуын түсіндіре **алады.** |
| | психикалық және неврологиялық жағдайларды саралау дағдыларын **меңгереді.** |
| ОН6 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психикасы мен тұлғалық қалыптасуының өзіндік ерекшелігін **біледі.** |
| | Сөйлеу функциясына логопедиялық тексеру жүргізеді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың жеке маршрутын әзірлейді **алады.** |
| | арнайы білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістемесін **меңгереді.** |
| ОН7 | Психологиялық-педагогикалық және логопедтік тексеру әдістерін, әдістемесін және рәсімін **біледі.** |
| | Тексеру нәтижелері бойынша психологиялық-педагогикалық және логопедтік қорытынды жасай **алады**. |
| | Психологиялық-педагогикалық және логопедтік тексеруді ұйымдастыруды **біледі.** |
| ОН8 | Бала құқықтары туралы негізгі ережелерді **біледі.** |
| | бала құқықтарын реттейтін нормативтік құқықтық актілер жүйесін шарлау және алған теориялық білімдерін бекіту мақсатында семинарлар өткізе **алады.** |

| | |
|---|---|
| | Құқықтық құбылыстардың мәнін түсіндіруді **меңгереді.** |
| ОН9 | Ерте, мектепке дейінгі, бастауыш мектеп жасындағы сөйлеу бұзылыстарын оқыту және түзету әдістері мен құралдарын; ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқытудағы қиындықтарды **біледі**. |
| | Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалардың оқу қызметін ұйымдастыра **алады.** |
| | Арнайы білім беру жүйесінде базалық пәндерді оқыту әдістемесін; сөйлеу бұзылыстарының құрылымы мен ауырлығын анықтау мақсатында логопедиялық тексеруді; логомассаж әдістемесі мен логоритмикалық жаттығуларды **меңгерген.** |
| ОН10 | Қалыпты және патологиядағы сөйлеу функциясын бағалау параметрлерін; түзету-дамыта оқытудың мазмұны мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруды, арнайы кәсіптік-педагогикалық ұғымдар мен аббревиатураларды **біледі.** |
| | Логопедиялық тексеру жүргізу, сөйлемейтін балалардың тілін шығару, бұзылыстардың ауырлығына байланысты түзете-дамыта оқытудың элементтерін, кәсіби қызметте арнайы терминдерді қолдана **алады.** |
| | Хаттамаларды, сөйлеу карталарын, логопедтік қорытынды толтыру дағдыларын; түзете-дамыта оқытудың әдістемесі мен үйден оқыту процесін сүйемелдеу әдістемесін, кәсіби терминдерді өзінің кәсіби қызметінде жақсы **меңгереді.** |
| ОН11 | Білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының әртүрлі типтеріндегі арнайы педагогтың, логопедтің ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдармен жұмысының ерекшелігін; арнайы білім берудегі инновациялық және IT-технологияларды **біледі.** |
| | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды дамытудың жеке - түзету маршрутын әзірлеуді; арнайы білім беруде IT-технологияларды қолдана **алады**. |
| | Мыналарды: инклюзивті және арнайы білім беру жағдайында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдармен білім беру және тәрбие процестерін ұйымдастыруды; ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың әлеуметтік белсенділігіне диагностика жасай алуды; оқытудың инновациялық әдістерін; арнайы білім беру жүйесіндегі қашықтықтан білім беру технологиясын **меңгереді.** |

## Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

**Түлектердің атрибуттары құрастырылады (оқыту нәтижелері мен құзыреттіліктері негізінде):**

Атрибуттары:
Арнайы педагогика саласындағы жоғары кәсібилік
Белсенді дүниетанымы мен өмірлік ұстанымы
Мәдени дамудың жоғары деңгейі
Психологиялық (моральдық) тұрақтылық және шығармашылық (шығармашылық)
Ұйымдастырушылық және коммуникативті дағдылар
Көмек көрсетуге қызығушылық
Толеранттылық; ортақтасу (эмпатия)
Кәсіби адалдық және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды құрметтеу

| Құзыреттілік түрлері | Құзыреттіліктер сипаттамасы |
|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills) | Тілдерді білу, технологиялық сауаттылық, креативтілік, тапқырлық, әлеуметтік интеллект, команда мүшелерімен ынтымақтастық, клиентке бағыттаушылық, тұтынушының сұраныстарымен жұмыс істей білу, тез шешім қабылдай білу, жұмыс жағдайларының өзгеруіне ден қоя білу, ресурстарды бөле білу және өз уақытын басқара білу және т. б. |
| 2. Сандық құзыреттіліктер (Digital skills) | Деректерді құру және жинау, оларды өңдеу және талдау, сондай-ақ кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша белсенділікті қоса алғанда, цифрлық ортада және цифрлық өнімдермен жұмыс істеу бойынша құзыреттер кешені. Инновациялық және IT-технологияларды қолдана отырып, оқу процесін ұтымды ұйымдастыру. Қашықтықтан білім беру технологияларын көрсету, қашықтықтан оқыту әдістерін, акт, онлайн-сервистерді, платформаларды қолдану. |
| 3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills) | Кәсіби қызметтің кез келген жағдайында сауатты әрекет ету: биология және медицина, педагогика және психология бойынша білімдерін көрсету; арнайы және инклюзивті білім беру жүйесінде фронтальды және жеке сабақтардың өткізілуін ұйымдастыру және жобалау; ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен сабақтардың перспективалық жоспарларын, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу, ата-аналармен ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу. |

**Құрастырғандар:**

Жұмыс тобының мүшелері:
Арнай және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі А.Р. Рымханова

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD З.Я.Олексюк
Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м. Г.С.Ашимханова
6В01902- Арнайы педагогика ББ 1 курс студенті (ҚОТ қолдану арқылы) Б.А.Кошигулова
КММ «№2 Арнайы мектеп-интернатының» тәрбие ісі бойынша директордың орынбасары А.К.Абдрахманова

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды және бекітілді «24» 04 2023 ж. Хаттама №10
Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды «28» 04 2023ж. Хаттама №5
Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «30» 05 2023ж. Хаттама №12

**Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор Т.З. Жүсіпбек**
**Академиялық жұмыс департаментінің директоры С.А. Смаилова**
**Педагогикалық факультет деканы С.А. Муликова**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ**

**6B01902-АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА**

**Жоспардың мақсаты** – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

**Мақсатты индикаторлар**

| № | Индикаторлар | Өлшем бірл. | 2023-2024 (факті бойынша) | 2024-2025 (жоспар) | 2025-2026 (жоспар) | 2026-2027 (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Кадрлық потенциалды дамыту** | | | | | |
| 1.1 | Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі | Адам саны | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 1.2 | Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру | Адам саны | 21 | 20 | 20 | 20 |
| 1.3 | Оқытуға практик-мамандарды тарту | Адам саны | 10 | 5 | 5 | 5 |
| **2** | **Рейтингтердегі БББ жылжыту** | | | | | |
| 2.1 | НАОКО | Позициясы | - | - | 2 | 3 |
| 2.2 | НААР | Позициясы | - | - | 2 | 3 |
| 2.3 | Атамекен | Позициясы | - | - | 2 | 3 |
| **3.** | **Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу** | | | | | |
| 3.1 | Оқулықтар | Саны | - | - | 1 | 1 |
| 3.2 | Оқу құралдары | Саны | 2 | 2 | 1 | 1 |
| 3.3 | Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау | Саны | - | 1 | 2 | 2 |
| 3.4 | Электронды оқулық | Саны | 1 | 2 | 2 | 2 |
| 3.5 | Видео/аудиодәріс | Саны | 5 | 2 | 2 | 2 |
| **4.** | **Оқу және зертханалық базаны дамыту** | Саны | | | | |
| 4.1 | Бағдарламалық өнімдерді сатып алу | Саны | - | 1 | 1 | 1 |
| 4.2 | Жабдықтарды сатып алу | Саны | 2 | 2 | 3 | 3 |
| 4.3 | Басқа | Саны | | | | |
| **5.** | **БББ мазмұнын өзектендіру** | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.1 | Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту | Жыл | + | - | + | - |
| 5.2 | БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу | Жыл | - | - | - | - |
| 5.3 | Оқытудың жаңа әдістерін енгізу | Жыл | - | + | - | + |
| 5.4 | ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу | Жыл | - | - | + | - |

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі Рымханова Р.А.